



Бекітемін
«Айналайын»
бөбекжай- балабақшасының
менгерушісі: А.Адилбаева

Адилбаева

**Вариативтік компонент
«Дидактикалық ойындар»
Ортаңғы «Жұлдызша» тобы**



Тәрбиеші: Ж.Несипақынова

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін
«Айналайын»
бөбекжай- балабақшасының
меңгерушісі: А.Адилбаева

Вариативтік компонент
«Дидактикалық ойындар»
Ортаңғы «Жұлдызша» тобы



Тәрбиеші: Ж.Несипакынова

Вариативтік компонент
Ортаңғы «Жұлдызша» тобы

№	Тақырыбы	Сағаты	Мақсаты	Уақыты	Көрнекілігі
1	«Әдемі гүл»	1	Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту	7.09.21ж	Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер
2	«Әуе шарлары»	1	Берілген үлгіге қарап түстерді сәйкестендіріп таңдау жолдарымен таныстыру	14.09.21ж	Магнитті тақта немесе фланелеграф, жіңішке картон жолақшалары (15x0.5 см) 6 түсті, диаметрі 10 см 6 түсті дөңгелек, Үлестірмелі заттар: әртүрлі жолақшалары бар ақ парақты жолақша
3	«Не қайда тұрады?»	1	Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	21.09.21ж	Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері
4	«Суреттерді құрастыр»	1	Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту	28.09.21ж	әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері
5	«Жемістерді жина»	1	Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту	5.10.21ж	3-түрлі көлемдегі үлкен, орташа, кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен, орташа, кішкентай, қалма және алма ілінген ағаштар
6	«Үлкен-кіші»	1	Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту	12.10.21ж	Ойыншықтар мен жануарлар суреттері
7	«Түсіне қарай таңда»	1	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру	19.10.21ж	30x20 см картон кілемше 6-бөлікке бөлінген. Бөліктері 10x10 см
8	«Сипаттамасы бойынша тап»	1	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту	26.10.21ж	Жануарларды бейнелейтін ойыншықтар
9	«Түрлі түсті сарафан»	1	Балаларға түстердің өзгеруін көрсету арқылы, бір түстен екінші түске көшу және түстер арасындағы байланысқа назар аударту	2.11.21ж	Орамал мен сарафаны бар қыздың бейнесі орналастырылған тұғыр, диаметрі 4.5 см қызыл, сары, көк түсті қырқылған дөңгелектер

10	«Таныс пішіндер доминосы»	1	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру	9.11.21ж	Пішіндер бейнеленген суреттер
11	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»	1	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыру арқылы киімдерді киіп көруде.	16.11.21ж	Ұзындығы , жуандығы, түсі әртүрлі ленталар
12	«Әдемі пішіндер» ойыны	1	Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту,геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету	23.11.21ж	Геометриялық пішіндер үшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелек,сопақша
13	«Суретті тіз»	1	Суреттерді тізу арқылы сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуға үйрету.	30.11.21ж	Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер.Әр дыбысқа бірнеше суреттер
14	«Кім не керек?»	1	Логикалық ойлауды,сөйлеуді, талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту	7.12.21ж	Өсімдіктер мен жануарлар бейнеленген суреттер
15	«Шыршаны безендіреміз»	1	Түстеріне қарай топтастыруға үйрету	14.12.21ж	Планшет 30x50 шырша бейнеленген. Түрлі түсті қағаздан қырқылған 2 шт шырша ойыншықтары
16	«Апта күндері»	1	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету	21.12.21ж	Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка
17	«Сипатына қарай шешуін тап»	1	Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу	28.12.21ж	Заттық суреттер:акшақарлар, жиналмалы қуыршақтар,жатпайтын қуыршақтар,көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістерімен
18	«Түрлі түсті моншақтарды тізу»	1	Түстеріне қарай кезектестіріп жіпке тізуді үйрету.	11.01.22ж	Ақтүсті -8 қызыл түсті - 8 моншақтар, диаметрі-2 см. Жіптер және қорапшалар
19	«Иісі бойынша анықта» ойыны	1	Сезім түйсігін, қоршаған ортаға бейімдей отырып дамыту.	18.01.22ж	Жеміс-жидектер
20	«Гараждар»	1	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету	25.01.22ж	Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар
21	«Кімге не керек»	1	Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	01.02.22ж	Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар
22	«Бұлар нелер?»	1	Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету	8.02.22ж	Үй және жабайы жануарлар суреттері

23	«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»	1	Түстер мен ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту	15.02.22ж	Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер
24	«Қане, сөйлесейік» ойыны	1	Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып, қуанышты көңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру	22.02.22ж	Гүл, күн, ыдыстар, шаңсорғыш, еттартқыш, жиһаздар т/б
25	Жыл мезгілі	1	Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату	01.03.22ж	Табиғат құбылыстары бейнеленген кәртішкелер
26	«Әркімге өз үйі»	1	Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету	15.03.22ж	6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр қызылсары) үй және аңдардың (қоян, қасқыр, аю, түлкі, кірпі, тышқан) суреттері
27	Әр құстың өз орны	1	Суда жүзетін, жыртқыш және батпақта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасау	29.03.22ж	9 бөлікке бөлінген таблица, бірінші қатарда: бүркіт, тырна, қаз Құстар бейнеленген суреттер (жапалақ-жыртқыш құс, тырна батпақта, аққу, үйрек-суда жүзетін)
28	«Дүкен» ойыны	1	Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, затты сипаттамасына орай тануды дамыту	05. 04.22ж	Ойыншықтар, суреттер
29	«Мені кім шақырды?» ойыны	1	Өз құрбы-құрдастарының дауысын тани білуді дамыту	12.04.22ж	Көз байлайтын орамалдар
30	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	1	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту	19.04.22ж	Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері
31	«Үйдің есігін жабайық»»	1	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту	26.04.22ж	Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері
32	«Кім есінде көп сақтайды?»	1	Көзбен көріп есте сақтауын дамыту	3.05.22ж	Алма, жүзім, банан, өрік т.б жемістердің суреттері
33	«Бақша да ма, бау да ма?»	1	Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру	10.05.22ж	Жемістер мен көкөністердің суреттері
34	«Сыпайы болу» жаттығуы	1	Ойлауды, сөйлеуді дамыту, ересектерге және құрдастарына сыпайы қатынас жасауға және өтініш білдіруге үйрету	17.05.22ж	Тақырыпқа сай суреттермен жұмыс

35	«Кім қандай, айтып бер» ойыны	1	Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуға үйрету	24.05.22ж	Жануарлардың суреттері
36	«Түрлі түстізаттар» ойыны	1	Түстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету	31.05.22ж	Доп түрлі түсті заттардың суреті

Түсінік хаты

«Ойын бала үшін ойын емес, білім мен тәрбие негізін қалайтын басты құрал»

Ыбырай Алтынсарин

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетін, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбыларымен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен бірі ептілікті үйренеді.

Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай – ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің күш жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым -қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану -үлкен нәтиже беретіні анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Дидактикалық ойындардың мақсаты: балаға үйрету, олардың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерге тәрбиелеу. Дидактикалық ойындардың мазмұны қандайд болмасын ақыл -ой міндеттерін жүзеге асыруға негізделеді. Ережені орындау ойды, қиялды, есті дамытуға ықпал етеді. Әрбір ойынның мазмұны, шарты дидактикалық мақсаты, керекті құралдары берілген. Әрекет – ойынның негізгі бөлігі. Әрекетсіз ойынның мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір дидактикалық ойынның міндеті әрбір баланың мінез -құлқын анықтап, ұйымдастырып, бір тұтас ұжымға біріктіретін әрекет арқылы іске асады. Ол балалардың қызығушылығын тудырып, олардың ойынға деген эмоциялық қатынасын анықтайды.

Балабақшада осындай дидактикалық ойындарды жүйелі түрде қолдану арқылы баланың ақыл-ойын жүйелі, ойлау қабілеттерін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу, логикалық қабілеттерін дамытуға болатынын түсіндірді.

Пайдаланаған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Г.Д.Абдрахимова «Саусақ және тіл жаттығулары» «Арман-ПВ» баспасы, 2013 жыл
5. Тіл дамыту. Дидактикалық ойындар Алматы-кітап баспасы, 2008 жыл
6. Е.Өтетілеуова «Балақай» өлеңдер жинағы Алматы-1986 жыл
7. Д.З.Жүсіпова, С.Ж.Андабекова, К.А. Сатыбалдиева, Қ.Т.Байғабылова
Көркем әдебиет Хрестоматия «Аруна» баспасы
8. Р.Б. Нұртазина, А.Д.Сейсенова, Б.Х. Исмағұлова, Г.Қ. Досмамбетова
Көркем сөз әлемі
Алақай Хрестоматия «Аруна» баспасы
9. Д.З. Жүсіпова, Ф. Қ. Исхакова, Т.Ж.Омарғалиева, Б.Ж.Ноғайбекова
Тіл дамытудың ғажайып әлемі «Аруна» баспасы

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 7.09.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»

Мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру түрлі-түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту.

Керекті көрнекі құралдармен жабдықтар: Түрлі түсті гүлдер, көбелектер

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Біз балдырған тең басқан

Дос құшағын елге ашқан

Тілегіміз тыныштық

Ашық болсын кең ашқан

Мықты болсын іргеміз

Бәрімізде біргеміз.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Шеңбер ішінде балалар қол ұстаса тұрып бір-біріне «Сәлем дос!» деп көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді.

Ой, балалар мына гүлдерім шашаылып қалды сендер мүмкін маған көмектесесіңдер?деп сұрайды .

Біз күшікке көмек берейік, қалай ойлайсыңдар?Ол үшін мына гүлдердің ішінен сол түсті жапырақты тауып гүл шоғына ікеліп саламыз. Біз түстерді ажырата біледі екенбіз, ендеше өз бетімізше дәл көргеніміздей жұмыс жүргізелік. Өте жақсы орындадық. Осы сүп-сүйкімді гүлдердің иісін сезген көбелектер біздің гүлдерімізге келіп қонбақшы, сондықтан да біз «Көбелек гүлге қонды» деген ойын ойнайық.

Шеңбер ішінде балалар қол ұстаса тұрып бір- біріне «Сәлем дос!»- деп көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Үріп кірген күшікке тамсана қарап қызықтайды.Балалар күшіктің іс-әрекетіне таңдана қарап қызығады, айтқан сөздерін тыңдайды. Балалар келіседі, күшікке көмек беріп, қамқорлық жасайды. Балалар белсінділікпен қызыға берілген тапсырманы зейінмен, үлкен аңғарымдылықпен орындайды. Гүл шоғына сәйкес келетін жапырақтарды тауып әкеліп орналастырады. Балалар іс-әрекет арқылы белсенділік танытып күшікпен бірге көтеріңкі көңілмен қуанышты өнер орталығына көркем әдебиет орталығында жағдай жасайды.Балалар қиылған гүлдердің түстеріне сәйкес көбелектерді жапсырады. Әсем түсті көп гүлдерге келіп қонды, көбелектер.Күшікке көмектескеніне қуанады.

Сергіту сәті

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім екеуін

Болып шықты он саусақ

Рефлексиялық қозғаушылық

Балалардың күшікті жақсы көріп ойнағысы келеді. Гүлдер туралы түсінігі ұлғаяды.

Гүл түстерін ажыратып атайды.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Түстерді ажыратып аттарын қызыл, жасыл, сары ажыратып, күшіктің қалай дыбыстайтынын атайды.

Түсінеді: Қызыл, сары, көк, жасыл түстер туралы ұғымын қалыптастыралды

Қолданады: Гүлдерді өз түсін тауып орналастыра білуі, көбелекті өз түсі арқылы гүлге орналастыру арқылы саусақ бұлшық еттері дамиды.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 14.09.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Әу шарлары»

Мақсаты: Берілген үлгіге қарап түстерді сәйкестендіріп таңдау жолдарымен таныстыру.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Магнитті тақта немесе фланелеграф, жіңішке картон жолақшалары (15x0.5 см) 6 түсті, диаметрі 10 см 6 түсті дөңгелек,

Үлестірмелі заттар: әртүрлі жолақшалары бар ақ парақты жолақша

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Армысың, мейірімді Аспан - Ата

Армысың, қайырымды Жер - Ана

Армысың, шұғылалы Алтын – Күн

Армысың, балабақша, дос - жаран..

-Таңертең тұрған кезде аналарың қайырлы таң деп айта ма?

-Кәне, бізде қайырлы таң тілейік.

- Қайырлы таң көздерім, сендер оянындар!!!

- Қайырлы таң құлақтарым, сендер оянындар!!!

- Қайырлы таң саусақтарым, сендер оянындар!!!

Көздерін, құлақтарын уқалайды, қолдарын шапалақтайды.

- Жарайсындар, балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын, орнымызға отырайық.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балаларға біз қазір сендермен«Әуе шарлары» ойынын ойнайтын боламыз. Балалар,түрлі түсті әуе шарлары мен осы түстес жіптеріміз бар балалар тақтадан ненің суретін көріп тұрсындар? Үшбұрыш, дөңгелек. Бұлар пішіндер.

Ғажайып сәт. Есік қағылып, ішке математика елінің ханшайымы кіреді. Ханшайым: Саламатсыздарма, балалар! Мен пішіндер елінің ханш,айымымын. Сендерге қонаққа келдім.

- Мынау дөңгелек – оның бұрыштары болмайды.

- Ал, мынау үшбұрыш. Оның үш бұрышы бар.

Топтарында дөңгелікке ұқсайтын заттар бар ма?

Ал, үшбұрышқа не ұқсайды?

Жарайсындар балалар!

Қане,біріміз сергіту жаттығуын жасап алайық

Сергіту сәті

Түн болды

Жел соқты

Жел қатты соқты

Жаңбыр жауды.

Жаңбыр қатты жауды.

Жаңбыр қатты жауды

Күн шықты

Таң атты.

«Әуе шарларын ұшырамыз» қимылды ойыны

Балалардың қандай түсті қарандашты пайдаланғандарын және шарларының қандай түсті екенін сұрау.

Рефлексиялық түзетушілік

Балаларды мақтап мадақтау

Күтілетін нәтиже

Ж: аңғыртады: Әуе шарының не мақсатта қолданатынын

ТүсінедіТүстерді ажырата алады

Қолданады: Түстерді ажыратып бояйды

№3

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспар

Күні: 21.09.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Не қайда тұрады?»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Жануарлардың олардың тұратын орталарының суреттері

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Дөңгелене тұрамыз

Шеңбердің біз құрамыз

Қол ұстасып бәріміз

Ақ тілекті жолдайық

Әлемде нұр тыныштық.

Әрбір үйде тыныштық.

Қайырлы таң балабақша.

Қайырлы таң достарым.

Достарымды көргенде.

Қуана қарсы аламын.

Сәлем, сәлем, сәлем.

Жарайсыңдар балалар!

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі туралы тақпақ білеміз бе?

Біз өмір сүретін осы әлемде адамдар қайда тіршілік етеді?

Біздің тіршілігімізде не ортақ?

Осылардың барлығын біз бір сөзбен табиғат деп атаймыз

Әрқайсысының өз тіршілік мекендеу ортасы болады.

Жұмбақ

Екі айнасы бавар.

Екі найзасы бар,

Төрт аяғы бар.

Бір шыбытқышы бар. (Үй жануарлары.)

Суретпен жұмыс

Рефлексиялық түзетушілік

Балаларды мақтап мадақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырата алуы

Түсінеді: Олардың мекендеу ортасы жайлы түсініктерінің қалыптасуы

Қолданады: Суретке қарап әңгімелеу.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспар

Күні:28.09.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Суреттерді құрастыр»

Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Мозайка, әртүрлі суреттер.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Кел балалар күлейік,
Күлкіменен түлейік!
Қабак түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік!

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар ұйымдасқан түрде шеңбер құрып, берілген өлең жолдарын қайталайды.

Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады

Мозайка бейнеленген көрнекілікті көрсетіп, мозайка деп аталатынын айту.

Оның геометриялық пішіндерден құралатынына, әсемдігіне назар аударту.

Қандай элементтерден тұратынын түсіндіру. Түс үйлесімдігіне, заттардың пішініне сәйкес орналастыруына бағыт беру.

Балардың өз беттерінше жұмыстары.

Сергіту сәті

Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз,
Құстар болып ұшамыз
Көбелектей қонамыз!

Балалар жұмысын мадақтау

Балалар берілген сергіту сәтін қимыл – қозғалыс арқылы жасап көрсетеді

Суретпен жұмыс

Балалар берілген сөзді қайталайды.

Берілген түстерді атайды

Танымдық жұмыс жасайды

Рефлексиялық түзетушілік:

Балалар өз қиялдарын дамыта отырып орындайды

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: суреттерді құрастыра білу

Түсінеді: Шеңбер құрып тұру

Қолданады: Мозайкадан сурет құрайды

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 5.10.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Жемістерді жина»

Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Жемістердің суреттері, муляждар.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Ән салуға барамыз, (балалар шеңбер бойымен жүреді)

Досымызды табамыз. (жүріп келіп, тоқтайды)

Сәлемет пе! Міне, мен! (қолдарын екі жаққа сермейді)

Доспын енді сенімен. (бір-бірімен қол алысады)

Ұйымдастырушылық ізденістік

-Балалар, бәріміз көзімізді жұмайық, (балалар көзін жұмған мезгілде тәрбиеші үстелдің үстіне жеміс-жидек салынған себетті қояды) үстел үстіне қарайық. Мына жеміс толы себетті бізге кім әкелді екен?

-Себеттің ішінде не бар екен?

-Себетте қандай жемістер бар?

-Балалар, себетте алма, алмұрт, жүзімдер, ананас, мандарин бар екен. Осы жемістердің ішінен қайсысы сендерге көбірек ұнайды?

-Әрине, алма. Олай болса алмамен жақынырақ танысайық

-Балалар, суреттен нені көріп тұрмыз?

-Алманың түсі қандай?

-Алмалар қайда өседі?

-Оларды кім өсіреді?

-Жемістерді жерге тастауға бола ма?

-Балабақшада жеміс бере ме сендерге?

-Жемістер денсаулыққа пайдалы ма?

-Қандай жемістерді жақсы көресіңдер?

Сергіту сәті

Мен, алмамын, алмамын,

Таңдай татар бал дәмім.

Мына тәтті бал-дәмді,

Дастарқанға арнадым.

Тыныс алу жаттығулары

Әр түрлі шөптер салынған жеміс-жидектерді иіскеу

Балалар, жемістер пайдалы тағам. Жемісті көп жеуіміз қажет. Себебі, жемістерде көп дәрумендер болады. Жемістерді көп жесек денсаулығымыз жақсарады, бойымыз өседі, ауырмаймыз. Мен сендерге жемістер туралы тақпақ оқып беремін.

Дидактикалық ойын «Көп және біреу»

Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

Рефлексиялық түзетушілік:

Сұрақ қою, жауап алу. Балаларды жұлдызша беру арқылы мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: жемістердің атауларын ажыратуды

Түсінеді: жемістердің не екенін

Қолданады: суреттер арқылы сұраққа жауап беруді

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні:12.10.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Үлкен-кіші»

Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту, заттардың көлеіне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен -кіші ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін есте сақтауын, ойлауын дамыту.

Керекті құралдар мен жабдықтар: Суреттер, ойыншықтар, құрастыру матеиралдары

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Алтын сәуле арайлы

Бақшамызға тарайды

Қуанышпен шат күліп

Қарсы алайық арайды.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Бізге қонаққа қуыршақ келді.Қарандаршы қуыршақа бізге не әкепті?

Доптар

Дұрыс доптар әкеліпті.

БІдысқа екі доп үлкен және кіші доп қойылады.Қолға допты алып жасыруға болады.Жасырдым, ол кішкентай. Бопты әр балаға беріп ұстап оны алақанда жасыруды сұрау.Осылайша үлкен допты көрсетіп шығады.Ол алақанға сыймайды, өйткені ол үлкен екен.

Ойын «Қайсысы үлкен, қайсысы кіші»

Үлкен допты көтереді, кіші екекнін алақанмен қимыл арқылы көрсетеді.Қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін білу үшін екі допты қатар қойып көрейік.Диастың қолында үлкен доп бар.

Аруананың қолында неше доп бар?

Балалар суреттерге қарап орындарға отырып үлкен- кіші заттарды ажыратып берілген тапсырманы орындайды.

Сергіту сәті

Ормандағы аюдың

Құлпынайы көп екен.

Теріп теріп алайық

Қалтамызға салайық

Жарайсыңдар балалар!

«Ғажайып дорба»

Дорба ішіндегі үлкен кішкене ойыншықтарды ажыратып қою

Үлкен қайсысы не үшін үлкен екенін айту.

Қайсысы кіші екенін айтамыз.

Рефлексиялық түзетушілік

Балалар қонағымыз қуыршақ үйіне қайтатын жолын құрастырайық.

Өздері жасаған жолмен қуыршақты алып жүргізеді.Олай болса кубиктерден үлкен және кіші жол жасайық. Қуыршақ қоштасады сыйлық береді.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Үлен-кіші ұғымдарын білу.

Түсінеді: Балалардың құрлыс материалдармен жұмыс жасай білу

Қолданады: Сұрақтарға жауап береді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні:19.10.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Түсіне қарай таңда»

Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: бояу қарындашпен орындалған суреттер; қағаз, бояутақта, түрлі қылқаламда, гуашь, акварельбояу, су құйылған ыдыс, қолорамал.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері

Достар бірге жүреміз

Бірге ойнаймыз, күлеміз.

Бірге сурет саламыз

Орман,көлге, шыңға біз

Саяхатқа шығамыз

Бөлінбейді іргеміз.

Әрқашанда бәргеміз

Ұйымдастырушылық ізденістік:

Балаларға ерте кезде адамдардың суретті жерге, тастарға салғандығы туралы айтады. Оларда құралдар, бояулар болмаған, бертін келе бояу ретінде сазбалшықты жағып, тастарға сурет салып көрген. Кейінірек шөптің бояуы шығатынын байқап, оларды бояу орнына қолданды. Қылқаламның орнына саусақтарымен жұмыс жасаған. Сосын құстың қанатын пайдаланды. Қарындаш жоқ болғандықтан, бор немесе қорғасынмен сызды. Кейінірек түрлі түсті қарындашты, акварель бояуларды алуан түрлі түс беретін қоспалар қосып, дайындай бастады.

Сурет, сиқырлы бояулар туралы өлеңдер оқып беріп, балалардың сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Шіркін сурет сабағы, Ауылды еске салады.

Мың құбылтып бояймын, туып өскен даланы.

Қызыл бояу – қызғалдақ, Сары бояу – сарғалдақ.

Жасыл бояу – жайлауым, Іздеп барар армандап.

Әртүрлі материалдармен сурет салу тәсілдерін көрсетіп, қылқаламмен, қарындашпен дұрыс жұмыс жасау ережесін түсіндіреді.

Сергіту сәті:

Күндей болып күлеміз.

Гүлдей болып өсеміз,

Құстай болып өсеміз.

Көбелектей қонамыз.

Ары қарай балалар акварель бояу, гуашь, түрлі түсті қарындаштардың қасиетін анықтау үшін өз беттерінше тәжірибе жасап көреді. Балалар педагогпен бірлесе отырып, мынадай қасиеттерін анықтайды: акварель бояу ағады, тез ериді, мөлдір; гуашь қалың жағылады, қою; түрлі түсті қарындаштар жұмсақ, ашық түсті, сызық түрінде түседі.

Рефлексиялық түзетушілік

Педагог орындалған, аяқталған жұмыстарды бағалап, талдау жасауды балалармен бірге жүргізеді. Талдау барысында ең жақсы, сапалы орындалған суреттерді үлгі ретінде тақтаға іліп, балалардың еңбектерін бағалау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Боялармен танысады, немен бояу керектігін біледі.

Түсінеді: Ояу тақтаны дұрыс пайдалану дағдыларына баулу;

Қолданады: Түстеріне қарай таңдау біледі

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 26.10.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Сипаттамасы бойынша тап»

Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен- кіші ұғымдарын бекіту.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Жануарларды бейнелейтін ойыншықтар.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті, сондықтан балалар шуағын төккен «күнмен», «мейірімді аспан атамен» және бізге келген қонақтармен амандасайық:

Сәлем деймін достарға

Сәлем деймін құстарға.

Сәлем деймін құрдасқа,

Сәлем деймін ұстаздарға.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Өте жақсы балалар. «Жақсы сөз - жарым ырыс» демекші, қане балалар мен сендерге жақсы тілектер айтайын.

- Елім, аман болсын, бақытты болайық, нан көп болсын, аналарымыз аман болсын, достарымыз көп болсын.

Тәрбиеші: сендердің алдарында «Көңіл-күйдің бет-бейнесі» жатыр, қолдарына алып сабақты қандай көңіл-күймен бастайтындарын бір-біріне көрсетіндер.

Сергіту сәті

Ал, балалар келіндер,

Мойнымызды бұрайық.

Қолымызды мозамыз.

Топ-топ басып аяқпен

Орнымызға барамыз

Балалар математика Патшайымнан хат келді, оны Патшайымның достары Дөңгелек пен Үшбұрыш әкеп менің қолыма берді.(тақтайға пішіндердің бейнесін ілу)

- Геометриялық Пішіндер қаласында қиын жағдай болыпты – сол қаладағы компьютерлік желіге вирус түсіпті дейді. реуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық» -бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады.

Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады. Қуыршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны өте көп екен» -деп қағаздан қырқылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес,сиқырлы сарафан екен,ол билеп кетсе болғаны сары-жасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеді Балалар арнайы ойыншықтар бойынша жұмыс жасайды.

Рефлексиялық түзетушілік:

Балалардан бүгінгі оқу-қызметінде не туралы өткенімізді сұрақ-жауап арқылы сұрау.Жауап берген балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады:Ұзын-қысқа,биік-аласа ұғымдарын түсінеді

Түсінеді: Ажырата алады

Қолданады: Сұрақ-жауап арқылы өз ойын жеткізеді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 2.11.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Түрлі түсті сарафан»

Мақсаты: Балаларға түстердің өзгеруін көрсету арқылы, бір түстен екінші түске көшу және түстер арасындағы байланысқа назар аударту

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Орамал мен сарафаны бар қыздың бейнесі орналастырылған тұғыр, диаметрі 4.5 см қызыл, сары, көк түсті қырқылған дөңгелектер

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Алақанды ашайық

Күннің нұрын салайық

Жүрек жылуын алайық.

Осы жақсы лебізді.

Досымызға силайық

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балаларға айналмалы тұғыр және әр түсті қағаздан қырқылған дөңгелек пішіндер таратылады. «Балалар, бүгін бізге көңілді биші қыз қонаққа келді. Қарандаршы оның үстіндегі сары түсті сарафаны қандай әдемі! Қуыршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны өте көп екен» -деп қағаздан қырқылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес, сиқырлы сарафан екен, ол билеп кетсе болғаны сары-жасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеді.

Сергіту сәті:

Қәне, қәне тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Тұрсақ егер шеңберге

Алақанды ұрайық

Жарайсыңдар балалар! Енді жасаған сарафанымызды биші қызымызға берейік.

Балалар жасаған сарафанымыздың түстері қандай екен? (қызыл, көк)

Олар қандай түстерге өзгереді екен? (Қызыл-күлгінге, көк-көкшілге)

Рефлексиялық түзетушілік: Тәрбиеші балалар жұмысын мадақтау.

Балалар тәрбиешінің әрекетін мұқият қарап отырады.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Түстерді ажыратады

Түсінеді: Қағаздан қиылған түстерді жапсырады

Қоладанады: Суретке қарап әңгімелейді

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 9.11.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Таныс пішіндер» доминосы

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Пішіндердің суреттері

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері

Балдырған баламыз,

Досты көп табамыз

Қашанда қайда да.

Дос болып бәріміз.

Сенімді боламыз

Ұйымдастырушылық ізденістік:

Балалар, қазыр біз «Математика әлеміне саяхат» жасаймыз, ол үшін біз поездға отыруымыз керек

Пыш - пыш, пыш - пыш біз кеттік, Жүрісті үдеттік. Гу - гу, гу - гу гуілде, Қалып қойма бірінде.

Тәрбиеші: - Қане, балалар, тоқтайық. Пыш - ш - ш.

Балалар, біз міне «Сықырлы пішіндер» әлеміне де келіп қалдық. Қане, поездан түсейік.

- Ой, балалар, әртүрлі пішіндерді қараңдаршы. Өздері сөйлейді. Сықырлы пішіндерге қандай пішіндер жатады екен, сұрап, көрейікші:

- Сен қандай пішінсің?

-Төртбұрышпын, төртбұрышпын. Төрт қабырғасы бар бұрышпын, Қай жағынан қарасаңда, Төрт қабырғам тең бұрышпын.

- Сен қандай пішінсің?

- Мен дөңгелекпін, ал мен үш бұрышпын.

Балалар дөңгелек неге ұқсайды?

- допқа, алмаға

Ал үш бұрышшы?

-самсаға

Төртбұрышшы?

- үйге, тақтаға

Сергіту сәті:

Қолды созып алдыңа.

Қайшыласы беріліп

Ұста мұны жадыңда.

Кеудең тұрсын керіліп

Ойын: "Пішіндердің үйі"

Шарты:Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып,балаларға жоқ пішіндерді бос орынға қойдыру.Қойылған пішінді атау.Пішіндерді ажырата білуге үйрету.

Рефлексиялық түзетушілік:

- Балалар, біз қайда бардық?

- Қандай пішіндермен таныстық?

- Кімге қандай пішін ұнады?

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек пішіндер

Түсінеді: Заттарды көлеміне қарай ажыратуды

Қолданады: Ойша сипаттау, бейнелеу

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 16.11.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда»

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыру арқылы киімдерді киіп көруде.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Қайырлы таң, көгім менің

Қайырлы таң, күнім менің

Қайырлы таң балабақшам

Өайырлы таң досым менің

Ұйымдастырушылық ізденістік

Топқа қуыршақ келеді, балалармен амандасады. тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:

-Қонақты қалай қарсы алу керек?

-Қонаққа қандай тағамдар беруге болады?

Келіндер қонаққа арнап тағамдар әзірлейік.

Қуыршақты қарсы алады, амандасады.

Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.

«Тәтті тағамдар» дидактикалық ойыны.

Тақтаға тағам суреттерін іліп, ішінен қуыршаққа арнап жасайтын тағам түрлерін таңдатады.

Үлгі суретпен жұмыс.

Суреттерін немесе мүсіндерін көрсетіп, бауырсақ пен тоқашқа сипаттама беруді сұрайды. Жауаптарын тыңдап болған соң, өзі толықтырады.

-Бауырсақ домалақ, түсі сары. Ойық тоқаштың ортасы ойылған, көлемі дөңгелек.

Тағамдарды мүсіндеу жолдарын көрсетіп, бірге жасатады:

Сергіту сәті

Әй қуыршақ, қуыршақ,

Неге тұрсың жуынбай?

Айнаға қарашы,

Шашыңды тарашы!

Кішкене бөлшектерді домалатып, үлкен, кіші бауырсақтарды жасату;

Есу әдісі арқылы ермексазды ұзыншалап, бастарын біріктіріп, ойық тоқаш жасату.

Тәтті тағамдарды топтастырады.

Қуыршаққа арнап бауырсақ пен ойық тоқаш жасауға келіседі.

Сары түсті ермексазды жұмсартады.

Бөлшектерге бөледі.

Өлең мазмұнына сәйкес қимыл қозғалыстар жасайды.

Кішкене бөлшектерді домалатып, бауырсақтарды жасайды.

Рефлексиялық түзетушілік:

Жасаған тамақтарын дастарханға қойғызып, қуыршақты сыйлауды ұсынады.

Сұрақтар қойып, тақырыпты қорытады:

-Бізге қонаққа кім келді?

-Қандай тәтті тағамдар жасадық?

Балаларды мадақтап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін аяқтайды.

Тағамдарын дастарханға қойып, қуыршаққа ұсынады.

Сұрақтарға жауап береді.

Күтілген нәтиже:

Жаңғыртады: Тағам түрлерін.

Түсінеді: Тағам түрлерін ермексаздан мүсіндеуді.

Қолданады: Тағамның еңбекпенен келетінін.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 23.11.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Әдемі пішіндер» ойыны

Мақсаты: Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Геометриялық пішіндер үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Біздер тату боламыз,

Гүлдей жайнап аламыз.

Шаттық құрып шеңберден,

Бір қуанып қаламыз.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Жарайсыңдар -Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

Ия, балалар, желтоқсан, қаңтар, ақпанайлары бар.

Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Жарайсыңдар!

Балалар бүгінгі біздің дидактикалық ойынымыздың тақырыбы: «Әдемі пішіндер» деп аталады. Балалар сендер қандай пішіндерді білесіңдер? Мына пішіндерге қарайықшы? Түстері қандай? -Кәне кім айтады? Ғажайып пішіндер әлеміне саяхат жасау! -Ендеше, балалар геометриялық пішіндер мен жақсы танысып, білу үшін ғажайыптар әлеміне паравозмен саяхатқа барамыз. Мен сендерге әр түрлі пішіндерді таратып беремін, сендер берілген пішін арқылы вагондарға отырасыңдар. Жолға шығайық балалар кеттік (паравоз әуені орындалады)

1-тапсырма

-Балалар ғажайыптар әлеміне келдік. Құстар мен көбелектер бізге жылы жақтан әр түрлі пішіндерді алып ұшып келеді, осы пішіндерді балалар сәйкестендіріп орналастырады

2-тапсырма

Геометриялық пішіндерден әр-түрлі бейнені жасайды

Мысылы: үй, күн, аққала, шырша, бағдаршам, рекета, құрт, гүл. т.б - Балалар жолмен жүріп келе жатып жылаған дыбысты естейді. Балалар бұл ненің дыбысы? Аю жолда жүгіріп келе жатып құлап қалыпты. Құлап қалып сендерге алып келе жатқан ойыншық пішіндерді шашып алыпты. Біз аюға пішіндерін жинауға көмектесейік. Шашылған түрлі пішіндерді рет –ретімен Пішіндер үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек. Қызыл сары, жасыл Балалар пішіндер арқылы вагондарға отырады. Ұшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек Пішіндерден бейнелер құрастырады Аудиодан аюдың жылаған дыбысы естіледі

Рефлексиялық түзетушілік: жіпке тізіп моншақ жасайық 3- тапсырма Балалар геометриялық пішіндерді жіпке тізбектеп моншақ жасайды. - Міне, әдемі моншақтар тізбегі дайын болды.

Моншақтарды тізіп аюға сыйға беріп орманға шығарып салайық. Аю балаларға қуанышты екенін білдіреді. Тәрбиеші: Балалар біз қайда саяхатқа бардық? Балалар: ғажайып пішіндер әлеміне. Тәрбиеші: Онда қандай пішіндер бар екен? Балалар: Ұшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек. Жарайсыңдар Тәрбиеші қоянның атынан балаларға ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып, мақтап, мадақтайды. Пішіндердің түстерін ажырата отырып моншақтар тізеді

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Пішіндерді ажыратып атауы.

Түсінеді : заттардың бір-біріне ұқсас болуы.

Қолданады: Әр түрлі заттармен, ойыншық

Таным білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 30.11.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Суретті тіз»

Мақсаты: Суреттерді тізу арқылы сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуға үйрету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер. Әр дыбысқа бірнеше суреттер.

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Аспан түрді түндігін

Жерге сәуле жайылды.

Неткен ашық күн бүгін,

Қайырлы күн, қайырлы!

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, суреттер, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Балалар, сендер көп ойланған сайын, суреттерді көрген сайын ойлау қабілеттерің артады. Сол үшін қазір суретке мұқият қарап отырыңдар.

- Балалар, мына суреттер не көріп тұрсыңдар?
- Сарымсақты көріп тұрмыз.
- Иә, дұрыс айтасыңдар.
- Сарымсақ сөзіндегі алғашқы әріпі С әріпті дыбыс. С әріпіне Сабын деген сөз шығады, сағыз деген сөз шығады. Енді бәріміз суреттерді тізіп шығайық:



- Мысалға: Алманың суреті А әріпі, А дыбысынан басталады.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай бөбектер

Үлкен болып өседі.

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Қәнекей, бәріміз қайталап айтамыз:

Сурет-картинка, жарайсыңдар!

Дидактикалық ойын: «Суретті топтастыр»

Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.

Есте сақтау қабілеттерін жақсарту.

Ойынның шарты: Тақтаға көптеген суреттер ілінеді. Соның ішінен алғашқы әріпі ұқсайтын суреттер атауын тізіп топтастырады.

Мысалы: доп – домбыра – доңыз,

Шаш-шегіртке-шие дегендей суреттерді топтастырады.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, бүгінгі тақырып сендерге қызық болды ма?
- Суреттерді топтастырған ұнады ма?

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Суреттерді тізу арқылы сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуды;

Түсінеді: Суреттерді тізу арқылы сөздік қорларын көбейетінін, ойлауы артатынын;

Қолданады: ойын ойнау арқылы суреттерді тізіп бірінші әріпті анықтауды.

«Таным білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 7.12.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: Кім не керек?(дидактикалық ойын)

Мақсаты: Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту.

Керекті құралдар: демонстрациялық материал (қыз бала мен ұлдың суреті). Үлестірмелі материал (қыз бала мен ұлдың және олардың киімдерінің суреттері).

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Арайлап таң атты.

Алтын сәуле таратты

Армысың алтын таң,

Армысың алтын күн.

Ұйымдастырушылық ізденістік: Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-бірімен амандасады. Бәрі бірге Е. Өтегілеуұлының өлең жолын қайталайды. Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» деймін мен. Демонстрациялық көрнекілікті қолдану - Балалар, сендер кімді көріп тұрсындар? - Балалар не істеп жүр? - Айман бесікпен қуыршағын сүйретіп жүр. Асқар машинамен ойнап жүр. Балалар өте көңілді. Балалар өздерінің киімдері жайлы әңгімелеу. - Ал енді тобымыздағы ұлдар және қыздармен танысамыз. - Біздің топта ұлдар бар ма екен? Ұлдарды бір-бірден шақырып, олармен танысу. Жейде, шалбар, бәтенке, көйлек сөздеріне сөздік жұмысын жүргізеді. Қостілдік компонент: көйлек-платье, жейде-рубашка, бәтенке-ботинка, шалбар – брюки - Біздің топта қыздар бар ма? (Қыздарды бір-бірден шақырып, олармен танысу, киген киімдерін айту). Бір ұл бала мен қыз баланы кезектесе отырып шығарып, олардың киімдерін, шаштарын, аяқ киімдерін салыстырады. Балалар педагогпен бірге, өлең жолдарын қайталайды. Суретке қарайды жауап береді. - Ұл бала және қыз бала. - Ойнап жүр. көйлек-платье, жейде-рубашка, бәтенке-ботинка, шалбар – брюки - Менің атым – Ерлан. Менің шалбарым бар, жейдем бар. Менің атым – Жанар. Үстімде әдемі қызыл көйлегім бар.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен болып өседі.

«Кімге не керек?» дидактикалық ойыны

Шарты: ұл бала мен қыз баланың киімдерін тауып, оларды сызықпен қосу.

Рефлексиялық түзетушілік: Балалар, бүгін біз не туралы сөйлестік? (Киім) - Ұл бала мен қыз баланың киімдерінің қандай айырмашылығы бар? Балаларды мадақтап оқу іс-әрекетін қорытындылау. Қимылын келтіріп жасайды. Ұл бала мен қыз баланың киімдерін тауып, оларды сызық арқылы сәйкестіреді. Балалардың жауабы. Сабақтан алған білімдерін пысықтайды.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Қыз бен ұл баланың киімін ажыратуға арналған тапсырмаларды.

Түсінеді: Зат есім және сын есімдерді байланыстырып, сөз тіркестерін қалай құрастыру керектігін.

Қолданады: Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: қыз бен ұл балаға арналған

«Таным білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 14.12.21ж

Білім беру саласы: Шығармашылық.

Тақырыбы: «Шыршаны безендіреміз».

Мақсаты: Түстеріне қарай топтастыруға үйрету.

Көрнекі-құралдар: түрлі -түсті қағаз,желім,қайшы.Безендірілген шырша суреті^м

Мотивациялық қозғаушылық.

«Жүректен-жүрекке» шаттық шеңбері:

Арайлап бүгін таң атты,

Шашып бізге шапағын.

Тілейміз сізге ақ таңның

Қуанышты шаттығын.

Жарық болсын күніміз.

Жарқын шықсын үніміз.

Біз болашақ гүліміз.

Қайырлы күн!Қайырлы таң!

Қуанышты күн бүгін.

Сәлеметсіздер ме,апайлар.

Тәрбиеші:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Балалар,біз қай мезгілмен қоштастық?

-Қыс айларын атайықшы?

2.Жұмбақ жасыру.

Тікендікен тік пісте.

Қысы,жазы бір түсте. (Шырша)

Ұялы телефоннан қысқы боран дауысы естіледі.

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады қатады.

Жып-жылтыр боп жатады.

Өлең не туралы?

Қыста ауа-райы суық,қыс өзінің ерекшеліктерімен қызық.(Сурет бойынша әңгіме

Дидактикалық ойын: «Не қайда өседі?»

Ғажайып сәт: Топқа Аяз ата кіреді.

Аяз атаның сөзі.

Тәрбиеші:

-Балалар біз Аяз атаға көмектесеміз бе?

-Бүгінгі аппликация оқу қызметінде «Шыршаны безендіру» тақырыбы екен.Ендеше қазір Аяз атаны қуантуға мол мүмкіндігіміз бар екен.

Тақтадағы суретпен жұмыс.

-Шыршаның пішіні қандай?

-Әр бұтағы үшбұрыштан құралған сияқты.

-Шыршаның түсі қандай?

-Шырша қайда өседі?

Балалар жұмысы.

1.Шыршаны қию тәсілін көрсету.

2.Қағаз бетіне орналастыру.

3.Қиылған үшбұрыштарды қағаз бетіне желім арқылы жапсыру.

4.Дайын шыршаны әртүрлі түске бояған мақталарды жапсыру арқылы безендіру

Сергіту сәті:

Қар жауғанда топ бала,

Соқтық келіп аққала.
Мұрны сәбіз,үп-үшкір,
Көзі көмір қап-қара,
Көне шелек басында,
Сыпырғышы қолында,
Мұзайдынды аршуға,
Келгендей-ақ ол мұнда.
Балалардың стөл үсті жұмысы.
Балалардың жұмыстарын Аяз атаға беру.Аяз атамен қоштасу.
«Аяз ата» әнін орындау.
Балалардың жұмыстарын талдау,мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып,қайшымен қиюды.

Қоланады: Түстеріне қарай топтастыруға үйрету.

Қоланады: Бүктеу арқылы үшбұрыш қиып жапсыруды безендіруді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 21.12.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1 ден- 7ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточкалар

Мотивациялық қозғаушылық

Балалар бүгін бізде ерекше күн, біздің топқа көп апайлар келіп отыр, кәне бәріміз орнымыздан тұрып амандасайық.

Шаттық шеңбер

Күндей жарқырап

Айдай арайлап

Жұлдыздай жарқырап

Судай мөлдір таза көңілмен

Бүгінгі ашық оқу қызыметін бастайық.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Қазір жылдың қай мезгілі?

Ауа-райы қандай?

Қыс мезгілінде неше ай бар, Қандай?

Бір жылда неше мезгіл бар?

Қандай атап көрейік.

Жыл мезгілдері туралы тақпақ кім біледі, кәне еске түсірейікші.

Біз бүгін апта күндерімен танысамыз

Қ. Жұмағалиевтің өлеңі

«Жеті ұл»

Біріншісі - дүйсенбі

Екіншісі - сейсенбі

Үшіншісі - сәрсенбі

Төртіншісі -бейсенбі

Бесіншісі - жұма

Алтыншысы –сенбі

Жетіншісі - жексенбі

Сендер жеті күннің бес күні балабақшада боласыңдар

Ғажайып сәт:

Есік қағылып, тоқ-тоқ Мә-мә. Ешкі кіреді.

Сәлеметсіңдерме балалар.

Бізге орманда қасқырлар тыныштық бермеді, мен лақтарыма шөп әкелуге кеткенімде қасқыр келіп лақтарымды қорқытқан көрінеді. Лақтарым жан-жаққа бытырап кетті

Ешкі қандай жануар?

- Ал, қасқыр ше?

- үй жануарының мекені қай жер?

Жабайы жануар қайда өмір сүреді.

Ешкіжан саған адамдармен өмір сүру керек.

Мына балалармен бірге тапсырманы орындап көр, содан соң балалармен бірге тауып алармыз. Иә балалар көмектесемізбе ?

1-тапсырма.

Бағдаршамның суреті.

Мынау не? Бұл не үшін қажет?

Дұрыс айтасыңдар балалар.

Түстерін ажыратайықшы.

Қандай пішінге ұқсайды?

Дұрыс айтасыңдар.

2-тапсырма.

Геометриялық

пішіндерден әртүрлі бейнелер құрастыр.

/үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, ромбик/

3-тапсырма

Қоянның сүйікті тағамы не?

Қонжық нені жақсы көреді ?

4-тапсырма

Жұмбақ жасыру

Қыста ғана болады.

Ұстасаң қолың тонады.

Сергіту сәті.

Дүйсенбіде доп ойнадық далада

Сейсенбіде серуен құрдық аулада

Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп

Бейсенбіде би биледік әндетіп

Жұма күні жұмбақ шештік

Сенбі күні мультік көрдік

Жексенбіде үйде болып

Осылайша өте шығар 1 апта

Дидактикалық ойын

Сәйкестігін тап.

Суретке қарап

Тәрбиеші: Жарайсың ешкіжан меніңде сыйлығым бар саған, іздеп жүрген лақтарыңды тауып бердім.

Жетеуіне жеті ат қойдым.

Ешкіжан бұдан бұлай лақтарыңа ие бол.

Ешкі: рахмет сізге, менде бір мәз болып қалдым ау

Билингвальды компонент: Дүйсенбі-понедельник, сейсенбі-вторник, сәрсенбі-среда, бейсенбі-четверг, жұма-пятница, сенбі-суббота, жексенбі-воскресения.

Сөздік жұмыс: Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Рефлексиялық түзетушілік

Бүгін не үйрендік?

Апта аттарын өттік. Қандай ертегінің кейіпкері келді бізге?

Бүгінгі ашық оқу қызметі сендерге ұнадыма? Әрқашанда бір біріңе мейірімді болыңдар.

Оқу қызметіне белсене араластыңдар, сендер ақылды балаларсыңдар, рахмет сендерге.

Балалар ортаға шығып бәріміз бірге

«Біз бақытты баламыз» әнін орындайы

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Апта аттарын, суретке қарап әңгіме құрауды айта біледі.

Түсінеді: Берілген тапсырманы аяғына дейін орындауды үйренді.

Қолданады: Тапқақтарды мәнерлеп айтуды, құрастыруды, сұраққа жауап беруді, жұмбақ шешуді үйрен

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 28.12.21ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Сипатына қарай шешуін тап»

Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Жануарларды бейнелейтін ойыншықтар.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті, сондықтан балалар шуағын төккен «күнмен», «мейірімді аспан атамен» және бізге келген қонақтармен амандасайық:

Сәлем деймін достарға

Сәлем деймін құстарға.

Сәлем деймін құрдасқа,

Сәлем деймін ұстаздарға.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Өте жақсы балалар. «Жақсы сөз - жарым ырыс» демекші, қане балалар мен сендерге жақсы тілектер айтайын.

- Елім, аман болсын, бақытты болайық, нан көп болсын, аналарымыз аман болсын, достарымыз көп болсын.

Тәрбиеші: сендердің алдарында «Көңіл-күйдің бет-бейнесі» жатыр, қолдарына алып сабақты қандай көңіл-күймен бастайтындарын бір-біріне көрсетіндер.

Сергіту сәті

Ал, балалар келіндер,

Мойнымызды бұрайық.

Қолымызды мозамыз.

Топ-топ басып аяқпен

Орнымызға барамыз

Балалар математика Патшайымнан хат келді, оны Патшайымның достары Дөңгелек пен Үшбұрыш әкеп менің қолыма берді.(тақтайға пішіндердің бейнесін ілу)

- Геометриялық Пішіндер қаласында қиын жағдай болыпты – сол қаладағы компьютерлік желіге вирус түсіпті дейді. реуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық» -бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады.

Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады. Қуыршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны өте көп екен» -деп қағаздан қырқылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес,сиқырлы сарафан екен,ол билеп кетсе болғаны сары-жасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеді Балалар арнайы ойыншықтар бойынша жұмыс жасайды.

Рефлексиялық түзетушілік:

Балалардан бүгінгі оқу-қызметінде не туралы өткенімізді сұрақ-жауап арқылы сұрау.Жауап берген балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Ұзын-қысқа,биік-аласа ұғымдарын түсінеді

Түсінеді: Ажырата алады

Қолданады: Сұрақ-жауап арқылы өз ойын жеткізеді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 11.01.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Түрлі түсті моншақтарды тізу»

Мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп жіпке тізуді үйрету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Ақ түсті 8 қызыл түсті, 8 моншақтар, диаметрі 2см. Жіптер және қорапшалар.

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Баршаңызды құрметтеп.

Бас иеміз біз.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Бүгін түрлі-түсті моншақтар әліміне саяхатқа барамыз, ол жерде көп нәрсені көзбен көріп жақсы әсер аламыз.Ендеше пойызымызға отырып саяхатқа шығайық.

Қане , кімнің бойы ұзын

Паровозы пойыздың.

Қатар-қатар тұрайық

Пойызды біз бұрайық.

Ал, паровоз бас алға

Бәрімізді басқарда.

Пыш-пыш біз кеттік.

Моншақтар әлеміне келдік, балалар.Бұл жерде қуыршақ моншақтарды тізе алмай жылап отыр екен.

Балалар қуыршаққа көмектесеміз ба?

Жарайсыңдар балалар!Қолдарың шаршаған болар.

Біз саусақ жаттығуын жасайық.

Сергіту сәті

Соқ-соқ шапалақ

Қане-қане, соғайық

Бір, екі, үш

Былай-былай қозғайық.

Жарайсыңдар балалар! Сендер қуыршаққа жақсы көмектестіңдер. Қуыршақ сендерге ризашылығын білдіріп жатыр.

Рефлексиялық түзетушілік

Балалар біз сендермен қайда саяхатқа бардық?

Бүгін біз кімге көмектестік? Жарайсыңдар балалар! Бүгінгі оқу қызметіміз көңілді өтті.Сендер моншақтарды жақсы тіздіңдер.Балаларды мақтап, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Түрлі түсті моншақтарды тізуді

Түсінеді: Үлкенге көмек беруді

Қолданады: Түрлі түсті моншақтардың түстерін ажырата алады

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні:18.01.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Иісі бойынша анықта» ойыны

Мақсаты: Сезім түйсігін қоршаған ортаға бейімдей отырып дамыту.

Керекті құралдар мен жабдықтар: Жеміс жидектер

Мотивациялық қозғаушылық:

Шаттық шеңбер

Алдымыздан кезіккен.

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен,

Иіліп сәлем береміз.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Іші жұмсақ,сырты қатты,

Еті қызыл,сүті тәтті.

2.Аспай піскен,

Қайнамай түскен.

3.Жер астында жез қазық,

Жеуге болар ас қазық.

-Балалар,ойын ойнағыларың келе ме?

«Сиқырлы қорапша» ойыны.

-Балалар, қалай ойлайсыңдар, мына менің қолымдағы қораптың ішінде не бар?

-Жоқ.

-Жоқ,балалар,ол-ағашта өседі.

Бұл қораптың ішінде жеміс бар екен.Ал бірақ қандай жеміс екені белгісіз.Енді соны табыңдар.

-Жоқ.

-Иә,таптың,ол-алма.

-Екінші қораптың ішінде не бар деп ойлайсыңдар?

-Жоқ,бұл затты жеуге болады.

-Жарайсың, таптың,ол-көкөніс.Бірақ қай көкөніс екенін табыңдар.

-Иә,дұрыс айтасың,ол-қызанақ.

-Жемістер мен көкөністердің адамға қандай пайдасы бар?

-Жемістерден нелер жасауға болады? -Жемістер қайда өседі?

-Қандай көкөністердің түрлерін білесіңдер?

-Жемістер мен көкөністер-адам ағзасына өте пайдалы.Жемістер бақта,ағаштарда өседі,жемістерден әртүрлі дәмді тосаптар мен шырындар дайындайды.Шырынды адамдар сүйсініп ішеді.Көкөністердің құрамында адамның ағзасының өсуі мен дамуына пайдалы түрлі дәрумендер бар.Көкөністер бақшада өседі.Балаларды екі орталыққа бөліп,екінші таңғы асқа дайындық жасау керек екенін айтады.

Бірінші орталықтағы балаларға жемістердің,екінші орталықтағы балаларға көкөністердің туралмаған кездегі түрі,иісі,түсі және дәміне байланысты сұрақтар қояды.Соңынан ортасынан екіге бөлінген жеміс немесе көкөністі беріп,қайсысының иісінің қатты шығып тұрғанын сұрайды.Бірінші орталықтағы балаларға туралған жеміс түрлерінен,екінші орталықтағы балаларға көкөністерден салат жасауды тапсырады.Орталықта жұмыс істеу барысында қауіпсіздік ережесін сақтауды ескертеді.

Сергіту сәті.

Саусақ ойынын ойнату.

Жаңбыр жауса тырс-тырс,

Айтады гүл:

-Дұрыс,дұрыс!

Жаңбыр жауса тырс-тырс,

Айтады гүл:

-Ырыс,ырыс!

Тәрбиеші балалардың орындарын ауыстырады.

Д/О «Иісінен тап!» ойыны.

Ойын шарты:балалар көздерін жұмып,иісі арқылы қандай жеміс немесе көкөніс екенін табуы керек.

Балалар жұмбақтың шешуін табуға тырысады.

-Қарбыз

-Жеміс

-Сәбіз.

Ия, ойнағымыз келеді.

-Ол ойыншық па?

-Машина ма?

-телефон ба?

-Ол алма ма?

-Ол кәмпит пе?

-Ол көкөніс пе?

-Ол қызанақ па?

Белсенді түрде жауап іздейді,өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі.

-Тамақ жасауға болады.-Ағашта өседі.

-Сәбіз, қызанақ, қияр.

Жеміс-жидектер мен көкөністер туралы білетін өлеңдерін айтады.

Балалар әлі туралмаған көкөністер мен жемістерді қарап,зерттеу жүргізіп,түсі,иісі,дәмі қандай екендігін айта отырып,бүтін қалпын салыстырады,иісін анықтайды,қайсысының иісінің басым екенін айтады.

Бірінші орталықтағы балалар туралған жеміс-жидектерден (ананас,алма,банан,мандарин,йогурт)екінші орталықтағы балалар көкөністерден (қияр,қызанақ,аскөк,тұз)салат жасайды.

Рефлексиялық түзетушілік:

Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

-Балалар, біз бүгін не туралы білдік?

-Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұнады ма?

Жемістер мен көкөністер туралы білдік.

Ия, ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Көкөніс пен жемістерді ажыратып топтастыруды, сөйлем ішінде жалпылауыш сөздерді қолдануды үйренді.

Түсінеді: Жемістердің бақта, көкөністердің бақшада өсетіндіктерін, олардан салат жасауға болатынын игерді.

Қолданады: Жемістер мен көкөністерден салат жасай алады, қауіпсіздік ережесін меңгерді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні:25.01.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Гараждар»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл суреті бар гараждар

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Бір шаңырақ астынада

Тату -тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз астыда.

Бірге сайран құрамыз.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар жүргізуші болады.Қолдарына суреті бар рульдерді таратып береді.Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды.Көліктеріңді гаражға апарып қойыңдар- дегенкезде , рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.

Балалар сұрақтарға жауап береміз.

-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?

-Жеңіл машиналарды кешке жұмыстан кейін қайда қояды?

-Кімнің үйінде жеңіл машина бар?

-Әкелеріңмен гаражға барып көрдіңдер ме?

Сымға асылып,

Жүр асығып. (Троллейбус).

Күні-түні көше кезіп зырлайды,

Жолаушыға қызмет етіп тынбайды. (Такси).

Табанында жолы бар

Төбесінде қолы бар. (Трамвай).

Балалар, осы жол көліктерінің бәрінде де, адамдардың тұратын үйі сияқты орындары болады. Оны гараж деп атайды. Гараж деп – бір машина тұратын жерді, ал «автотұрақ» деп әртүрлі және бірнеше транспорттың тұратын орнын айтады. Бүгін құрастыру материалдарынан гараж жасаймыз.

Әр балаға ойыншық машина беріледі. Сызба үлгі суреттерге талдау жасайды. Әліппе-дәптердегі үлгіге мұқият қарап, тапсырмаларды дұрыс орындауға бағыт береді. Гараждың неден жасалғанына назарларын аудару. Құрастыру материалдарынан қабырғасына, төбесіне, есіктеріне қанша бөлшек қоюға болатынын анықтап алады. Көлемін, пішінін, ұзындығын қарап, қалай орналастыру керектігін келісіп алады.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық

Үлкен шеңбер құрайық.

Бір отырып, бір тұрып.

Қолымызды жаяйық.

Құс боп қанат қағайық.

Бөлшектер саны құрастыру материалдарының көлеміне сәйкес таңдалады. Екі ұзын бөлшекті немесе үш бөлшекті бірінің үстіне бірін қойып, алдымен бірінші қабырғасын, дәл солай екінші қарама-қарсы қабырғасын құрайды. Екі қысқа бөлшектен артқы бөлігін құрастырып қояды. Төбесін пластинамен жабады. Бала өз қалауы бойынша есігін екі жаққа немесе бір жаққа ашылатын етіп жасайды. Құрастыру жұмысы дайын болғанда машиналарын гаражға қойып, есігін жабады.

Ойын «гараж»

Құрастарған гараждармен ойын ойнау.

Машиналар суреттері, ойыншық машиналар.

Әліппе дәптер

Өз ойларын айтады.

Жұмбақтың шешуін табады. Тәрбиешіні мұқият тыңдап, тапсырманы орындайды.

Ойынды қызыға ойнайды.

Рефлексиялық түзетушілік:

Балалар біз не құрастырдық?

Гараждың не пайдасы бар екен?

Біздің қалада трамвай барма?

Балалар еңбегін мадақтау

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Гараждың не екенін

Түсінеді: Машиналарды , гаражды конструктормен жасауды

Қолданады: Машина жолдарында абай болуды

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 01.02.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Кімге не керек?»

Мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Өртүрлі мамандыққа қажетті құрал- жабдықтар бейнеленген карточкалар

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Біз әдепті баламыз

Жайнай берсін даламыз.

Табиғатпен дос болып,

Қамқорлықпен қараймыз.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Жұмбақ

Сауықтырар сырқатты,

Жылы үнмен тіл қатты.

(Дәрігер)

Мамандықтың бәрі жақсы.

Ауруханада дәрігерлер жұмыс жасайды. Дәрігер ауырған адамды емдейді.

Біздің балабақшада дәрігер бар ма?

Жалтылдап қалағы,

Салатын кім қаланы?

(Құрлысшы)

Құрылысшылар зәулім үйлер,ғимараттар тұрғызады.

Мына біздің балабақшаныда құрлысшылар салды.

Ол көлікті тізгіндейді,

Жол жөнекей қасынан жолаушы бір үзілмейді.

(Көлік жүргізуші)

Жүргізуші көлік түрлерін жүргізетін адам.

Тәп-тәті тамағы,

Астардың маманы.

(Аспазшы)

Аспаз ең басты мамандықтардың бірі.

Аспазшы көмек сұрап келеді,

Бас аспазшы ауырып қалды, балалар маған көмектесіндерші бауырсақ пісіру керек.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

Қамырды алып ширатып есеміз,оны кескіштің көмегімен кесеміз,міне домалақ пішін болды.

Үлестрмелі материалға назарларын аударады.

Балалардың өз бетінше жұмысы.

Сергіту сәті:

Әдемі қораз тан атпай тұрып,

Жан-жаққа қарап ,

Айдарын тарап,

Ку-ка-ре-ку деп айқайлапты.

Д/ойын: «Осы мамандық иесінің қолданатын заттарын тауып бер »

Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді.

Аспазшы рахметін айтып бауырсақ береді.

Рефлексиялық түзетушілік:

Ақылды доп

Сұрақ-жауап арқылы қортындылау.

Қандай мамандық түрлерімен таныстық?
Қай мамандық сендерге ұнады?
Өскенде кім болғыларың келеді?
Біздің ауылда әртүрлі мамандық иелері тұрады.

Күтілетін нәтежелер:

Жаңғыртады: Мамандықтар туралы берілген тапсырманы;

Түсінеді: Тұрмыста мамандықтардың пайдасы бар екенін;

Қолданады: Өз ойларын толық және еркін жеткізе алуды.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 8.02.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Бұлар нелер?»

Мақсаты: Әрбір үй жануарларының төлдерін аттарымен үйрету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Үй және жабайы жануарлардың суреттері

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Кел балалар күлейік.

Күлкіменен түлейік.

Қабак түйген не керек.

Көңілді боп жүрейік.

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар, бүгінгі біздің ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміздің тақырыбы: дидактикалық ойындар:

«үй жануарлары және жабайы жануарлар»

Балалар шаттық шеңберін құрып,өлең шумақтарын қайталайды.

-Қыс мезгілі

-Үш ай

-Желтоқсан,Қаңтар,Ақпан

-Салқын,қар жауады.

Іздену ұйымдастырушы

Жұмбақ жасыру.

Басында екі таяғы бар,

Төрт аяғы бар,

Сегіз тұяғы бар

Иегінде сақалы бар.

(Ешкі)

Өзі ширақ,өзі қу

Жүрген жері айқай шу

(Түлкі)

Адамға серік,

Күзетке берік.

(Ит)

Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырат»

Ойын шарты: Тақтаға екі бала шығып үстел үстінен жануарлардың суретін алып, үй жануарларын үйдің, ал жабайы жануарларды орманның астына екі топқа бөліп орналастырады.

-Ал балалар кім маған жабайы жануарлар туралы тақпақ айтып береді.

Бектемір: Ақ қоян-ау, ақ қоян,

Ұзын құлақ сақ қоян

Қаша берсең орманға

Қорқағым деп ат қоям

Інжу: Қасқыр орманда жортады,

Аяздан ол қорқады

Аспанға қарап ұлиды

Ауылда малды ториды.

Расул: Түлкі деген қу ғой,

Жүрген жері шу ғой

Жатып алып жағада

Іздегені ду ғой

Сағи: Қорбандаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп аламыз,

Қалтамызға саламыз.

«Ненің дауысы» дидактикалық ойыны.

Балалар мұқият үй жануарларының дауыстарын тыңдап қай үй жануарының дауысы екенін айтады.

Ғажайып сәт

Есікті қағып түлкі кіріп келеді.

Балалармен амандасып,өзімен бірге орманға баруларын өтінеді.

Балалар сендер түлкімен бірге орманға барасындарма?

-Ендеше балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр.

-Мен сендерге өзімнің достарымның атын атаймын, ал сендер қимылдарын көрсетесіңдер жарайма?

Сергіту сәті

Қорбандаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Дидактикалық ойын: «Үй жануарларының төлдерін тап!»

Ойын шарты:Жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындау

Дидактикалық ойын: «Өз қорегінді тап»

Ойын шарты: Ортаға бес бала шығады жабайы жануарлардың бет-пердесін тағып.Әр жануар өзінің сүйікті тағамын тауып алу керек.

Жұмбақтың жауабын табады.

-Ешкі

-Түлкі

-Ит

Балалар ойынның шартын мұқият тыңдап отырады.

-Жабайы жануарлар туралы тақпақтарын айтады.

-Үй жануарларының дауысын тауып айтады.

-Жоқ

-Түлкімен ойын ойнайды,түлкінің айтқан жануарларының қимылдарын салады.

Сергіту сәтін өлең шумақтарына қарай қимылдар жасап жасайды.

-Әр бала өзінің алдындағы тапсырмаларын орындайды.

-Балалар бет-пердесіне сай жануарлардың сүйікті тағамын тауып алады.

Рефлексиялық түзетушілік

Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?Біз қандай ойындар ойнадық.Бізге қонаққа кім келді?Бүгін сендер ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар.Балалар қонақтармен қоштасайық.Сау болыңдар! -Ия ұнады.

-Балалар жауап береді қандай ойындар ойнағанын, не үйренгендерін, немен айналысқандарын айтады.

Балалар келген қонақтармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады:Үй жануарларының және жабайы жануарлардың қандай екенін, олардың қандай пайдасы бары жайлы,үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып білу;

Түсінеді: Жан-жануарлардың қалай дыбыстайтынын;

Қолданады: Үй жануарларының төлдерін біледі

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 15.02.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»

Мақсаты: Түстер мен ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер.

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Бақшамызға барамыз

Досымызды табамыз,

Сәлемет пе, міне мен

Доспын енді сенімен

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар, бүгінгі біздің оқу іс - әрекетіміз өте ерекше тіпті қызықты өтпекші. Сондықтан балалар, көңіліміз көтеріңкі болу үшін, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойнаймыз ба балалар, жақсы онда барлығымыз суретке назар аударайық.

Кімнің суретін көріп тұрмыз?

Олай болса, «Анамыз қандай?»- деген ойын ойнайық.

Бізге ойын ойнау үшін алдыменен не керек?

Өте жақсы.

- Ал енді айтайық анамыз қандай? Анамыз бізге не береді?

Дұрыс айтасыңдар.

Құшағы ыстық, бірақ күн емес

Өзі нәзік, гүл емес

Және сүйкімді, қоян емес,

Сүт береді, сиыр емес.

Балалар АНА деген сөзді бояу керек болса? Қай

Сергіту сәті

Дидактикалық ойын:

«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»

Қане, балалар шаршаған боларсыңдар, орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын жасап жіберейік.

Мынау менің жүрегім,

Бәрі осыдан басталған.

Мынау басым ақылды

Бәрін осы басқарған.

Рефлексиялық түзетушілік

Бұл кім екен балалар?

Сонымен балалар бүгінгі сабағымыз ұнадыма?

Анамызға әрдайым көмектесіп жүрейік

түспен бояр едіңдер?

Ал, осы «АНА» деген сөзді ұстап көрсек, қандай болар екен.

Міне сендер қазір барлығыңда өз аналарыңды елестеткен боларсыңдар.

- Анаң үйде болмаса қандай болады.

Жыл мезгілінде аналарға арналған қандай мерекелер бар екен.?

- Ал, үйде аналарыңа қандай көмек бересіңдер?

-Қалай көмектесесіңдер?

(балалар аналарына қалай көмектесетіні туралы айтады)

Мынау менің оң қолым,

Мынау менің сол қолым

Барлық істі атқарған.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді

Түсінеді: Сөйлеу тілін, заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.

Қолданады: Аналарын құрметтеуді, сыйлауды

**«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Күні: 22.02.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Қәне, сөйлесейік» ойыны

Мақсаты: Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып, қуанышты көңіл- күй
силау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Отбасы туралы суреттер.

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Атамнан басталар,
Әжеммен қосталар,
Отбасым мыналар,
Ең жақын адамдар:
Әкем мен анам бар,
Бір туған ағам бар,

Бір туған апам бар.
Бәрін жақсы көмін,
Еркелеймін, еремін.
Балалар өлеңде не туралы айтылған?
Шеңбер бойымен тұрып қайталайық

Ұйымдастырушылық ізденістік

Бүгін біз оқу іс-әрекетінде отбасы және сыйластық туралы әңгімелейміз.

Суреттен кімдерді көріп тұрсындар?

Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?

Кім суретке қарап, өз отбасы туралы айтып береді?

Өлең оқу: Отбасы

Анаң - үнің, жүрегін,
Әкең - өмір тірегін,
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!
Әжең - асыл ардаған,
Атаң - дана қорғаның,
Сен бақытты ұлансың,

Бәрі саған қуансын!
(М.Қуанышбеков)
Аға ақылы
Кім үлкенді сыйласа,
Кім үлкенді тыңдаса,
Үлкен болған кезінде
Сыйлы болмақ өзі де.
(Сырбай Мәуленов)

Сергіту сәті

Бас барамағым - атам, үйдің данасы,
Балаң үйрек - әжем, ошақ анасы,
Ортан терек - әкем, отау панасы,
Шылыдыр шүмек - шешем, шаңырақ ажары,
Титтей бөбек - мен, бәрінің базары.

Рефлексиялық - түзетушілік

Жаттаған өлеңіміз не жайында?

Бүгін біз оқу қызметімізде сүйікті отбасымыз туралы әңгімелестік. Оларды жақсы
көруге, сыйлауға, құрметтеуге, көмектесуге үйрендік. Отбасындағы сыйластық үлкен сүйіспеншіліктен
туындайды.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Отбасы мүшелерін атай білуі тиіс.

Түсінеді: Үлкенге - құрмет, кішіге - қамқор болу керектігін.

Қолданады: Өлеңді жаттап, мазмұнын түсінеді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 01.03.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Жыл мезгілі»

Мақсаты: Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Табиғат құбылыстары бейнеленген карточкалар

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Қуан шаттан алақай.

Қуанатын күн келді.

Күліп шықты күн бүгін,

Қайырла таң!

Қайырлы күн! Балалар

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар бір жылда неше жыл мезгілі бар?

-Қандай жыл мезгілдерін білесіңдер?

-Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміз:

«**Жыл мезгілдері**» деп аталады.

Төрт жыл мезгілдерінің бейнесі бейнеленген ағаштар арқылы сұрақтар қойылады.

-Әр жыл мезгілдерінің өз ерекшеліктері туралы атап кетеді.

Тәрбиеші:

Қазір жылдың қыс мезгілі.

-Қыста күн қандай болады?

-Балалар қалай киінеді?

-Қолдарына не киеді?

-Аяқтарына не киеді?

Қыстан кейін қай мезгіл?

-Жарайсыңдар көктем мезгілінің ерекшеліктерін атаңдаршы?

-Жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші:

-Енді жаз мезгілі қандай болады?

Жазда күн қандай болады?

-Жарайсыңдар балалар

-Балалар қай мезгілде жапырақтар сарғаяды?

-Жарайсыңдар, балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін атаңдаршы?

-Жарайсыңдар, балалар!

Ғажайып сәт:

Осы сәтте қыстың әуені ойнап балаларға қонаққа Жыл мезгілдерінің ханшайымы келеді.

Ханшайым балалармен амандасады.

Ханшайым:

Балалар, балабақшада «Жыл мезгілдері» туралы әңгімелесіп жатқандарын естіп әдейі келдім, жыл мезгілдері туралы суреттерімді ала келдім. Сендердің қаншалықты мені жақсы көріп ажырата алатындарыңды білгім келді.

Ханшайым:

Қане, кім айтып береді екен мен туралы?

Тәрбиеші:

Балалар, қараңдаршы, Жыл мезгілдерінің ханшайымы аппақ болып киініп алыпты, неліктен деп ойлайсыңдар?

- Өте дұрыс айтасыңдар!

- Ал, балалар, ханшайымның әкелген суреттерін сөйлетеміз бе?

- Ханшайым, онда сен жақсылап жайғасып отыр, балалардың жыл мезгілдері туралы, оларды бір – бірінен қалай ажырата алатындарын көріп, байқап отыр. Балалар, сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме?

Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір»

Шарты: жыл мезгілінің суретіне ерекшеліктерін сәйкестендіреді.

-Балалар мен сендерге жыл мезгілдерінің суреттерін көрсетем, ал сендер суреттер арқылы қай жыл мезгіліне қайсы сурет сәйкес келеді соны анықтайсыңдар.

Сергіту сәті: «Топ-топ» әні

Ханшайым:

Балалар, сендерге көп рахмет, мен сендердің жыл мезгілдерін бір - бірінен ажырата алатындарыңа қуанып отырмын.

Сурет бойынша да мен туралы әңгіме құрастыра алатындарыңа да көзім жетті.

Мен осы суреттерді сендерге сыйлаймын, үнемі осы сияқты суреттермен әңгіме құрастырып, тілдеріңді жаттықтырып жүріңдер! Енді мен сендермен қуана қоштасамын.

Келесі кездескенше сау бола қойыңдар.

- төрт.

- қыс, көктем, жаз, күз.



-Қызыға қарайды,салқын, жылы,қолғап, етік, көктем, күн жылынады, ағаштар бүршік атады

Өйткені қазір қыс мезгілі, сондықтан да ханшайым аппақ болып киініп алған. (Тәрбиешінің көмегімен)

-Иә

Сау болыңыз

Рефлексиялық түзетушіл,

Бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма?

-Біз не туралы айттық?

-Дұрыс айтасыңдар, жылда неше мезгіл бар екен, оларды атайықшы қане?

-Ал, қазір жылдың қай мезгілі екен?

-Дұрыс, жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу қызметіміз аяқталды.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: көрнекіліктерді қолдана отырып, жыл мезгілдерінің белгілерін өздігінен табуды,тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді.

Түсінеді: жыл мезгілдері белгілері туралы.

Қолданады: жыл мезгілдерінің аттарын .

**«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Күні: 15.03.22ж

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Әркімге өз үйі»

Мақсаты: Қолмен саусақ ұшытарының қимылдарын және сенсамотрлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімдігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызылсары үй және аңдардың суреттері

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбер

Алақанды ашайық

Күннің нұрын салайық.

Таза ауада салайық.

Жүрек жылуын салайық.

Осы жақсы лебізді.

Балаларға сыйлайық

Ұйымдастырушылық ізденістік

Балалар, «Жануарлар әлеміне» саяхатқа шығамыз ба? Ол үшін сиқырлы кітабы бар Аю мен тышқанды шақырайық.

Әлемде бар көп жануарлар

Бір - біріне ұқсай беретін

Банан жейтін, суда жүзетін,

Тау мен тасты паналайтын

Өзен - көлді жағалайтын

Асыр салып ойнайтын,

Білгің келсе олардың бәрін

Аюдың ашып көр кітабын

Достар бар ғой көмектесетін

Аю мен тышқан, аю мен тышқан.

Сергіту сәті

«Аюдың әні»

Тышқан: Сәлем, достар!

Аю: Сәлем, балалар!

- Сәлем, аю мен тышқан. Аю, тышқан сендерді шақырған себебіміз бізге «Жануарлар әлеміне» саяхатқа шығуымыз үшін сиқырлы кітаптарың керек болды.

Аю: Жақсы, сиқырлы кітабымды берейін.

Тышқан: Алақай, «Жануарлар» әлеміне саяхаттайтын болдық.

- Ендеше, бізбен бірге отырыңдар.

- Балалар, бүгін біз сиқырлы кітаптан қандай қызық көреді екенбіз, қане ашып көрейік?!

- Бұл не?

- Дұрыс айтасыңдар! Бұл – құмырсқа. Құмырсқа өте кішкентай болады екен, солай ма?! Балалар, ал мынау оның үйі. Оны илеу деп атайды. Не деп атайды екенбіз? Құмырсқа илеулерін өздері жасайды.

- Қане, кітабымыздың келесі бетін ашайық. Ал мынау не?

- Дұрыс айтасыңдар! Бұлар – құстар. Құстар қанаттары арқылы ұшады. Ал мынау оның ұясы. Құстар ұясын ағашқа шыбықтарды өру арқылы жасайды екен. Құстың үйін не деп атаймыз?

- Қане, келесі бетін ашайық. Ал мынау не?

- Бұл – ит. Балалар қараңдаршы ит біз жасап берген үйшікте жатыр екен, солай ма?! Балалар, иттің үйшігі қандай пішіндерге ұқсайды? Төртбұрыш және үшбұрыш.

Аю: Жарайсыңдар, балалар! Ақылды екенсіңдер! Ал енді балалар менің үйімді көргілерің келе ме?

Тышқан: Қане, ендеше кеттік!

- Балалар, қараңдар, бұл аюдың апаны. Аю мұнда қыс бойы ұйықтайды. Балалар, аюдың апаны үлкен екен, иә?!

Аю: Менің апаным өзіме қатты ұнайды. — Балалар, қане бір сергіп аюмен бірге би билейік.

- Жарайсыңдар! Балалар, қараңдаршы, мына жерде біз жаңа сиқырлы кітаптан көрген жануарлар бар екен және олардың үйлері. Қане, әр жануарды өздерінің үйлеріне кіргізіп қояйық.

Ойын: «Мекеніне апар» Балалар қызығушылықпен ойнайды

Рефлексиялық түзетушілік

Балаларадан сұрақ-жауап арқылы бүгінгі оқу қызметін қортындылау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Сурет бойынша әңгіме құрай алады

Түсінеді: Аңдардың мекендейтін жерін біледі

Қолданады: Жабайы аңдардың аттарын атап бір-бірінен ажырата алады

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 29.03.22ж

Білім беру саласы: Таным.

Тақырыбы: Құстар «Әр құстың өз орны»

Мақсаты: Суда жүзетін, жыртқыш және батпақта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасау.

Керекті көрнекі құрал мен жабдықтар: бояу карандаштары, қағаз, түрлі қыл қаламдар, муляждар.

Мотивациялық-қорғаушылық

Шаттық шеңбері

Нұр шашып әлемге,

Арайлап таң атты ,

Жарқырап күніміз,

Жер көкті оятты.

Қайырлы таң, қайырлы күн!

Ұйымдастырушылық ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Шеңберге тұрып, достарымызбен қол ұстасайық! Бір-бірімізге күлімдеп, өз қуанышымызды мынадай сөздермен білдірейік. Құстар бейнеленген атрибуттар, слайд, табиғатқа байланысты суреттер, құс ұялары. Құстар табиғат байлығын өсімдіктерді, зиянды жәндіктерден қорғайды. Сонда ағаштар жайқалып өседі екен. Ағаштар өз бойынан таза ауа бөліп шығарады. Сол таза ауамен біз демаламыз. Олар шыбын, маса, ағаштарды тесіп құрттармен қоректенеді. Құстар бір бірінен дене пішінімен көлемімен, дыбыстарымен айырмашылықтары көрінеді. Құстардың пайдасы өте көп.

Құстар, соның ішінде жыл құстары туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау. Құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу арқылы сөздік қорларын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қазір жылдың қай мезгілі.

Көктем-осень.

Көктем мезгілі неше айдан тұрады?

Көктем мезгілінде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

Кім көктем мезгілі туралы тақпақ біледі?

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Сергіту сәті:

Қолды белге қоямыз,

1,2,3 қарлығаш болып боп ұшамыз,

Қоян шықты далаға,

Жан жағына қарады,

Жүгірді секірді,

Орнына келіп отыршы.

Дидактикалық ойын: «Құстарға көмектес»

Рефлексиялық түзетушілік:

Сұрақ –жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау.

Біздер саяхатқа қайда бардық?

Балалар , бүгін біз не жайлы әңгімелестік?

Құстарды үркітуге бола мекен ?

Қандай құстарды білесіңдер ?

Жарайсыңдар, өте тамаша!

Түрлі сыйлықтармен мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Құстардың айырмашылықтарын, қайда тіршілік ететіндігін

Түсінеді : Құстар әрдайым ұшып жүретінін игерді.

Қолданады: Қоршаған ортаны сүюге мейірімділікке тәрбиеленді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Күні: 05. 04. 22ж

Білім саласы: Таным

Тақырыбы:Дүкен ойыны.

Мақсаты:Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, затты сипаттамасына орай тануды дамыту. Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: ойыншықтар, есеп шот, жарнама суреттері.

Мотивациялық қозғаушылық

Шаттық шеңбері.

Ал,қанеки тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық,

Жақсы-жақсы сөздерді

Бір-бірімізге сыйлайық.

Балалар шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айтады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Балаларға үш түрлі материалдан жасалған ойыншықтар көрсетіледі ағаштан, пласт массадан,шыныдан жасалған ойыншықтар.

Мазмұнды-рөлді ойын; "Ойыншықтар дүкені"

Мақсаты;балаларды мамандыққа баулу,яғни дүкенші болуға ынталандыру,сыпайы

сөйлеуге үйрету.Ойынның шарты;

балалар ішінен бірі сатушы ал қалғандары сатып алушылар бола- ды. Әңгіме құрау;

"Менің сүйікті ойыншығым"Балалар өздерінің сүйікті ойын- шықтары туралы әңгіме леп береді.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Мойнымызды бұрамыз.

Қолымызды көтеріп,

Саусақты ашып жұмамыз.

Онан соң төмен түсіріп,

Алақанды соғамыз.

Рефлексиялық-түзету

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытын

-дылау

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Ойыншықтардың жасалу жолдарын,

Түсінді: Ойыншықтармен ұқыпты ойнауды,

Қолданды: Ойыншық туралы дақпақтарды.

«Таным білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары.

Күні: 12.04.22ж

Білім беру саласы: «Таным»

Тақырыбы: «Мені кім шақырды?» ойыны.

Мақсаты: Өз құрбы құрдастарының даусын тани білуді дамыу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Жемістердің суреттері.

Қажетті құрал-жабдықтар: көз байлайтын орамалдар.

Сөздік жұмыс: көкөністер, жемістер.

Мотивациялық – қозғаушылық «Дүкен» ойыны. Балалар кезекпен келіп, педагогтің сұраған жемістерін сатып алады. Педагог «Дина, сары жеміс сатып әкел», «Арман, қызыл және домалақ жеміс сатып ал» деген тәрізді тапсырмалар береді, балалар ол жемістердің аттарын айтады т.с.с.

Педагог тақтаға көкөністер мен жемістердің суретін іледі. Жұмбақ жасырады.

Бақшада өседі,
Көп өнім береді
Аспай піскен,
Қайнамай түскен.

Суретпен жұмыс жүргізеді.

- Ненің суретін көріп тұрсыңдар?

Айырмашылығы не? Түсі қандай? Пішіні қандай?

Ұйымдастырушылық – ізденістік

- Балалар, біз күнделікті өмірде, балабақшада жемістерді жиі қолданамыз, себебі оның дәрумені өте көп, денсаулығымызға пайдасы өте зор.

Сергіту сәті:

Жемістер пісті,

Бөрі жерге түсті.

Жапырақтар да түсіп жатыр,

Бөрі бір-бірін қуып,

Ұшып жерге жетті.

Біз оларды теріп алдың. Балалар қалаулары бойынша дөңгелек немесе сопақша пішіннен жемістердің суретін салады.

- Қағаз бетіне дөңгелек пішінді бастырып, қарындашпен домалақ сызып аламыз, таяқшаға бекітілген губкамен дөңгелектің ішін басып-басып қызыл сары түспен бояймыз. Лимонды, **алмұртты жасау үшін сопақша пішін саламыз.**

Сергіту сәті: Балалармен панель арқылы көрсетілген жаттығуларға қарап қайталау

Рефлексиялық – түзетушілік Педагог сұрақ-жауап арқылы балалардың білімін қорытып, жұмыстарына талдау жасайды, мақтап - мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: қылқаламның тек ұшын ғана тигізіп, тік бағытта ұстауды.

Түсінді : жоғарыдан төмен қарай сызу, нүктелерді қосуды.

Қолданды: дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуді, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 19.04.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Кез-келген Ойыншықтар немесе суреттері.

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Отбасының гүліміз,

Көңілді өтер күніміз.

«Қайырлы күн!» деп айтамыз

Бір болып, кеште қайтамыз.

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Балаларға «Оң-сол», «алдында-артында» деген ұғымдарды түсіндіру.

Балаларға Балапаннан Сәбидің «Оң және сол» видеосын көрсету.

Бір баланы тұрғызып оң жағында, сол жағында, алдында,

артында не барын түсіндіру. Суреттегі оң жағында,

сол жағындағы заттарды көрсету.

Сергіту сәті:

Шаршасандар, балалар,

Қолдарыңды созындар.

Саусақтармен ойнандар,

Қолдарыңды сермендер.

Денелерің шынықсын,

Саналарың тынықсын.

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Қәне, балалар, бірге қайталап айтамыз: Оң қол – правая рука, сол қол- левая рука.

Дидактикалық ойын: «Оң жақта, Сол жақта. Алдында, Артында»

Ойынның мақсаты: Балалардың оң және сол, алдында және артында ұғымы туралы түсініктерін қалыптастыру. Шапшаң ойлауға дағдыландыру.

Ойынның шарты: Бір баланы тұрғызып оң жақта не барын сол жақта не барын сұрау, алдында, артында қандай зат барын тауып айту арқылы ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, оң қолды көтеріміз. Сол қолды көтеріміз. Шапалақтаймыз. Жарайсыңдар, оң мен солды дұрыс түсініпсіңдер.

- Сендерге ойын ұнады ма?

- Жарайсыңдар балалар, бүгін тамаша ойнадыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Оң, солды, алды, артында ұғымы туралы;

Түсінеді: Алдында, артындағы, оң және сол жағындағы затты табу арқылы;

Қолданады: ойын ойнау арқылы оң, сол, алдындағы, артындағы затты алу арқылы.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 26.04.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Үйдің, есіктің суреті

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Қайырлы күн, құсқа, аңға да,
Қайырлы күн, жайдары жанға да.
Қайырлы күн алға асын,
Кешке дейін жалғассын!

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

- | | |
|---|--|
| - Балалар, суретте нені көріп тұрсыңдар? | - Сендер бір қабатты үйде тұрасыңдар ма? |
| - Үйді көріп тұрмыз. | Әлде көп қабатты үйде тұрасыңдар ма? Ал, |
| - Үйдің бөліктерін атаңдаршы, кім біледі? | Дамира айта ғой? |
| - Терезесі, есігі, шатыры болады. | - Мен көп қабатты үйде тұрамын. |
| - Жарйсың, Ләйла, дұрыс айтасың. | - Нешінші қабатта тұрасың? |
| - Балалар, сендерде осындай үйде тұрасыңдар ма? | - Мен үшінші қабатта тұрамын. |
| - Иә, тұрамыз | - Жарайсың. |
| - Балалар, үйдің бөліктеріне қабырғасы, терезесі, есігі, шатыры болады. | - Ал, айта ғой Жансері? |
| - Үйдің көлеміне қарай түрлері көп болады. | - Мен бір қабатты үйде тұрамын. |
| Үлкен- кіші, аласа-биік, бір қабатты-көп қабатты үйлер болып бөлінеді. | - Жарайсың. |

Сергіту сәті:

Бір, екі – еңкей,	Саусақты сөз, жасқанба.
Бүгілмесін тізең.	Балалар сөздерді бірге қайталап,
Үш-төрт шалқай	қызығушылықпен айтып орындайды.
Иілмесін тізең.	Қәнекей, бәріміз қайталап айтамыз: үй-дом-
Қолды көтер аспанға	home, жарайсыңдар!

Дидактикалық ойын: «Үйдің есігін жабайық!»

Ойынның мақсаты: Балалардың пішіндерді бір-бірінен шатаспай үй құрастыруға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру.

Ойынның шарты: Пішіндерден үй құрастырып, үйдің есігін жабуға үйрету.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, кім қандай үйде тұрады?
- Үйдің бөліктерін атаңдар?
- Сендерге ойын ұнады ма?
- Жарайсыңдар балалар, бүгін өте жақсы ойнадыңдар!
-

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Үй туралы түсініктерін;

Түсінеді: Үйдің бөліктері: үйдің қабырғасы, есігі, терезесі, шатыры болатынын;

Қолданады: ойын ойнау арқылы пішіндерден үйді құрастырады және үйдің есігін жабуды.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 03.05.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Кім есінде көп сақтайды?»

Мақсаты: Көзбен көріп есте сақтауын дамыту.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Алма, жүзім, банан, өрік және т.б. жемістердің суреті.

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Табиғат өмір әлемі,

Не деген көркем, әдемі!

Сол сұлулықты сақтайық,

Мадақтайық, мақтайық!

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

- Балалар, суретте нені көріп тұрсындар?

- Жемістерді көріп тұрмыз.

- Қандай жемістер атандаршы, кім біледі?

- Алма, жүзім, банан, өрік.

- Жарйсың, Бейбарыс, дұрыс айтасың.

- Балалар, сендерде үйде жеміс жейсіңдер ме?

- Иә, жейміз, балабақшада жейміз.

- Қандай жемістерді жейсіңдер?

- Алма, бананды жейміз.

- Жарайсындар, жемістерді жуып жеу керек. Жемістерді жеу арқылы бойларың, денелерің, шаштарың, көздерің, қолдарың әдемі болып өседі. Жемістердің іші дәруменге толы болып келеді.

Жемістер қайда өседі? Қәне кім біледі екен?

Білмейсіңдер ме? Ендеше мен айтайын. Жемістер ағашта өседі. Адамдар үшін өседі екен.

Сергіту сәті:

Еркін ұста дененді,

Тарсылдатпай еденді

Орнымыздан тұрып ап

Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Аяқты алға созайық

Тік көтеріп, қозғайық.

Тым сылбыр да болмайық

Алға қарай озбайық.

Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Қәнекей, бәріміз қайталап айтамыз: жемістер-фрукты-fruits, жарайсындар!

Дидактикалық ойын: «Кім есінде көп сақтайды?»

Ойынның мақсаты: Балалардың жемістерді көзді жұмып, сипап сезу арқылы бір-бірінен шатаспай табуға дағдыландыруға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін жақсарту.

Ойынның шарты: Көзді жұмып, жемістерді сипап сезу арқылы бір-бірінен шатаспай табу болып табылады.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, кім қандай жемістерді біледі?

- Жемісті қалай жеу керек?

- Сендерге ойын ұнады ма?

- Жарайсындар балалар, бүгін өте керемет ойнадыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Жемістер туралы түсінікті;

Түсінеді: Жемістер адамның ағзасына пайдалы дәрумен екендігін;

Қолданады: ойын ойнау арқылы жемістерді сипап сезу арқылы бір-бірінен шатаспай табуды.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 10.05.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Бақша да ма, бау да ма?»

Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағұлмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Жемістер мен көкөністің суреттері.

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Өзім жақсы баламын,
Апайдың тілін аламын.
Мейлі қайда жұмсасын,
Бәріне де барамын.

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

- Балалар, жемістер ағашта өседі. Алма жемісі, Банан, алмұрт,
- Жарайсыңдар, жемістерді жуып жеу керек. Жемістерді жеу арқылы бойларың, денелерің, шаштарың, көздерің, қолдарың әдемі болып өседі. Жемістердің іші дәруменге толы болып келеді.

Жемістер қайда өседі? Қәне кім біледі екен?

Білмейсіңдер ме? Ендеше мен айтайын. Жемістер ағашта өседі. Адамдар үшін өседі екен.

Сергіту сәті:

Еркін ұста дененді,
Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үші, бір, екі, үш.
Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.
Қәнекей, бәріміз қайталап айтамыз: жемістер-фрукты-fruits, жарайсыңдар!

Дидактикалық ойын: «Кім есінде көп сақтайды?»

Ойынның мақсаты: Балалардың жемістерді көзді жұмып, сипап сезу арқылы бір-бірінен шатаспай табуға дағдыландыруға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін жақсарту.

Ойынның шарты: Көзді жұмып, жемістерді сипап сезу арқылы бір-бірінен шатаспай табу болып табылады.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, кім қандай жемістерді біледі?
- Жемісті қалай жеу керек?
- Сендерге ойын ұнады ма?
- Жарайсыңдар балалар, бүгін өте керемет ойнадыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Жемістер туралы түсінікті;

Түсінеді: Жемістер адамның ағзасына пайдалы дәрумен екендігін;

Қолданады: ойын ойнау арқылы жемістерді сипап сезу арқылы бір-бірінен шатаспай табуды.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 17.05.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Сыпайы болу жаттығуы»

Мақсаты: Ойлауды, сөйлеуді дамыту, ересектерге және құрдастарына сыпайы қатынас жасауға және өтініш білдіруге үйрету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Тақырыпқа сай суреттермен жұмыс

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Қабак түйген не керек?

Көңілді боп жүрейік.

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

- Балалар, суретте нені көріп тұрсыңдар?
- Ата мен баланы.
- Ата мен бала не істеп тұр?
- Бала өзінің отырған орнын беріп тұр.
- Бұл нені білдіреді? Үлкен адамға не істеп тұр?
- Құрмет көрсетіп тұр. Сыпайылық көрсетіп тұр.
- Баланың жасаған әрекеті дұрыс па?
- Иә, үлкендерге көмектесу керекпіз.
- Үлкен кісілерге, басқа адамдарға жақсылық жасаған дұрыс па?
- Иә. Жасаған дұрыс.
- Дұрыс айтасыңдар, жарайсыңдар.
- Ал, мына суретте нені көріп тұрсыңдар?
- Апа мен қызды.
- Олар не істеп тұр?
- Қыз апаның тақтайын әперіп тұр.
- Қыздың әрекеті дұрыс па?
- Иә, дұрыс үлкенге сыпайылық көрсетіп, жақсылық жасаған дұрыс.
- Балалар, мына жерде қандай сурет көріп тұрсыңдар?
- Көлікте, үйде адам әуенді қатты дауыспен қойып тыңдап келе жатыр.
- Бұл балалардың әрекеті дұрыс па?
- Жоқ, дұрыс емес.
- Балалалар, әуенді тыңдағанда өзің еститіндей қылып тыңдау керек. Өзге адамдарға қатты дыбыс жүйкелеріне әсер етпеуі керек. Міне, бұл өзіңе деген сыпайылық және өзгеге деген сыпайылық.
- Балалалар, топта болсын далада, көшеде айқайлап сөйлеуге болады ма?
- Жоқ, болмайды.
- Неге болмайды?
- Өйткені, бұл әдепсіздік қылыққа жатады. Жаман балалар ғана айқайлайды және бұзықтық жасайды.
- Жарайсыңдар, балалар, тамаша жауап беріп отырсыңдар.

Сергіту сәті:

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс па? Бұрыс па?»

Ойынның мақсаты: Балаларды ойлау қабілеттерін арттыра отырып, алғырлыққа, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Суретте берілген әдептілікке жақын дұрыс суреттерді «дұрыс» деген белгіге қояды. Ал, дұрыс емес іс-әрекеттерді «бұрыс» деген белгіге қояды.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, бүгінгі көрген суреттер сендерге қызық болды ма?
 - Ол суреттерден қандай тәрбие алдық?
 - Әдепті бала деп кімді айтамыз?
 - Әдепсіз бала деп кімді айтамыз?
 - Балалар, естерінде сақтаңдар:
 - Егерде, ата-аналарың, апайың, бауырларың, достарың аттарыңмен шақырса, «ау» деп айтуымыз керекпіз.
 - Шашылған ойыншықты, киімді жинап қоюымыз керекпіз. Қоқысты қоқыс жәшігіне тастау керекпіз.
- Балабақшада топтың ішінде жүргенде апайға, достарыңа сыпайылық танытуымыз керекпіз!
- Жарайсыңдар, балалар, сендер сондай ақылды, әдепті бала екенсіңдер!
 -

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Сыпайылық, әдептілік туралы түсінікті;

Түсінеді: Үлкенге құрмет көрсете отырып, сыпайы болуды;

Қолданады: ойын ойнау арқылы бұрыс пен дұрыс іс-әрекеттерді.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 24.05.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Кім қандай, айтып бер» ойыны

Мақсаты: Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуға үйрету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Жануарлардың суреттері

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!

Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!

Мен бәріңе Мейірім тілеймін!

Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!

Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін!

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

- Балалар, суретте нені көріп тұрсыңдар?
- Жануарлардың суреті көріп тұрмыз.
- Балалар, жануарлар екі топқа бөлінеді.
- Олар: үй жануарлары және жабайы жануарлар болып бөлінеді.
- Үй жануарларына: сиыр, жылқы, ешкі, қой, тауық, ит, мысық
- Жабайы жануарларға: жабайы мысық, жабайы ит, аю, арыстан, түлкі, қасқыр, қоян, піл, бұғы және т.б. жатады.
- Үй жануарлары бізге өздерінің өнімдерін береді.
- Қалай сонда, деп отырған шығарсыңдар.
- Мысалы; Сиыр бізге: сүт, айран, ірімшік, май, етін, терісін пайдаланамыз.
- Жылқы бізге: қымыз, етін береді.
- Қойда бізге етін, терісін береді.
- Тауықтар бізге еті мен жұмыртқасын береді.
- Ал, мысық үйде тышқан болған жағдайда үйді тышқандардың болмауын күзетеді.
- Ит болса, үйдің сыртындағы қауіпсіздікті күзетеді. Мысалға алғанда: бөтен жаман адамдардың, бейтаныс адамдардың үйге зиян тигізбеудің алдын алып күзететін ит болып табылады.
- Жабайы жануарлардың етін жемейміз. Тек терісін ғана пайдаланамыз.
- Жабайы жануарлар қолда асыратылмағандықтан жабайы, жыртқыш аңдар болып келеді. Олар адамға өте қауіпті, зияндық беруші болып табылады.
- Балалар, үй жануарларының сыртқы бейнесіне назар аударыңдаршы?Қандай екен?
- Сиырдың денесі үлкен екен, ал, қой, ешкінің денесі кішкентай. Мысық пен иттің денесі де кішкентай.
- Бұлар не істеп тұр?
- Балалар, сендер дұрыс таба алмадыңдар.
- Балалар, үй жануарлары сиыр, жылқы, қой, ешкі – шөп жеп тұр. Тауық жем жеп тұрі. Ит, мысық – ет жеп тұр.

Сергіту сәті:

Еңкей төмен тізеден,

Бастау ұстап белінді.

Серпіл, қайта үзе дем,

Көтер қолды сенімді. /демалу, қол көтер/

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Дидактикалық ойын: «Бұл қай жануар?»

Ойынның мақсаты: Балаларды ойлау қабілеттерін арттыра отырып, алғырлыққа, шапшаңдыққа, есте сақтау қабілеттерін арттыра отырып шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Жабайы мен үй жануарларын екі бөлікке бөліп, оларды атауын

шатаспай өз атауына тауып қою.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, бүгін біз қандай жануарлармен таныстық?
- Олар қандай топқа бөлінді?
- Үй жануарлары адамдарға өнімдерін береді ме?
- Жабайы жануарлар адамдарға өнімдерін береді ме?
- Үй жануарларына не жатады?
- Жабайы жануарларға не жатады?
- Жануарлар не жейді?
- Олардың денелері қандай?
- Жарайсыңдар, балалар, сендер сондай тамаша балалар екенсіңдер!

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінікті;

Түсінеді: Үй жануарларына: сиыр, жылқы, ешкі, қой, тауық, ит, мысық

Жабайы жануарларға: жабайы мысық, жабайы ит, аю, арыстан, түлкі, қасқыр, қоян, піл, бұғы және т.б. жататынын;

Қолданады: ойын ойнау арқылы үй жануарлары мен жабайы жануарларды бір-бірінен шатаспай ажырата отырып, атауын табуды.

«Таным» білім беру саласы бойынша «Дидактикалық ойындар» вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары:

Күні: 31.05.22.

Білім беру саласы: Таным

Тақырыбы: «Түрлі түсті заттар» ойыны

Мақсаты: Түстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету.

Керекті көрнекі құралдар мен жабдықтар: Доп және түрлі түсті заттардың суреті.

Мотивациялық-қозғаушылық:

Шаттық шеңбері:

Дос болам десең,

Досыңды сыйла, қымбаттым!

Досыма сонда,

Досыммен ғана қымбатпын.

Ұйымдастырушылық - ізденістік:

Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

- Балалар, менің қолымнан не көріп тұрсыңдар?
- Доп, пирамида, ыдыс-аяқтар, құрастырғыш заттар.
- Балалар, түстері қандай, білесіңдер ме?
- Доптың түсі сары, пирамиданың түсі түрлі түсті, ыдыс-аяқтар күлгін, ақ. Құрастырғыштар қызыл, жасыл түсті.
- Балалалар, мына заттарды не деп атайды?
- Ойыншықтар дейді.
- Бұл заттармен не істейміз?
- Ойнаймыз.
- Жарайсыңдар, дұрыс айтасың.
- Бір топ пирамиданы бәрі бірге топтастырыңдар, жарайды ма?
- Алақай, жарайды.
- Ыдыс-аяқпен екінші топ түстеріне қарай топтастырсын.
- Үшінші топ құрастырғышты түсімен топтастырсын.
- Жарайды, апай.
- Өте тамаша топтастырдыңдар, жарайсыңдар, балалар.

Сергіту сәті:

Ішке тартып ауаны,

Демінді алшы тереңнен.

Денсаулықтың жауабы,

Қайталасаң, сенем мен. /терең дем алу/

Балалар сөздерді бірге қайталап, қызығушылықпен айтып орындайды.

Дидактикалық ойын: «Түсіне қарай топтастыр»

Ойынның мақсаты: Балаларды ойлау қабілеттерін арттыру, алғырлыққа

тәрбиелеу. Есте сақтау қабілетін арттыра отырып, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Ойыншықтардың түсіне қарай топтастыра отырып, қызығушылықтарын арттыру.

Рефлексиялық- түзетушілік:

- Балалар, бүгінгі ойын сендерге қызық болды ма?
- Несімен қызық болды?
- Маған заттарды, ойыншықтарды түсімен кім жылдам топтастырады?
- Жарайсыңдар, балалар, сендер сондай ақылды балалар екенсіңдер!
-

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Заттарды, ойыншықтарды топтастыру туралы түсінікті;

Түсінеді: Заттарды, ойыншықтарды топтастыра отырып, түстерін ажырата білуді, топтастыруды;

Қолданады: ойын ойнау арқылы ойыншықтарды топтастыруды

